

"Туран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 25

Экономикалық қауіпсіздікті қорғау, отандық қаржы институттарын реформалауды жеделдету мақсатында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 1996 жылғы 17 мамырдағы N 120 қаулысымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының банк жүйесін одан әрі реформалау бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

"Туран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамы акцияларының 100 процентін сату жөнінде тендер жеңімпазын іріктеу өлшемі ретінде ең жоғары баға шартында белгіленген тәртіппен жабық тендер өткізсін; <*>

тендер өткізу жөніндегі комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.02.27. N 158 қаулысымен

2. Тендер өткізу жөніндегі комиссия туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Тендер өткізу жөніндегі комиссия:

1998 жылдың 23 ақпанына дейін мерзімде шаралар жоспарын, жабық тендер өткізудің тәртібі мен шарттарын бекітсін, бұл ретте тендердің тек отандық сатып алушылар арасында жүргізілетіні назарды ұсталсын;

1998 жылдың 23 наурызына дейін мерзімде тендерді өткізсін, жеңімпазды анықтап, жеңімпазға "Туран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамы акцияларының тиісті пакетін сатып алу құқығын берсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.02.27. N 158 қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Туран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамының тиісті акцияларын тендердің жеңімпазына сататын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 1 қ а ң т а р д а ғ ы

N 2 5 Қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тендер өткізу жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Тендер өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) "Тұран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамы акцияларының бақылау пакетін сатып алуға құқық алуға қажетті талаптарға жауап беретін инвесторды анықтау үшін, отандық инвесторлар арасында тендер өткізу мақсатында құрылады.

2. Комиссия алқалы орган болып табылады. Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының, мемлекеттік басқарудың басқа органдарының және "Тұран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамының өкілдері кіргізіледі. Комиссияның жеке құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң және нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның функциялары

4. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- жекешелендіру объектісінің 1997 жылдың аудиті бойынша айқындалған бастапқы бағасын бекітеді;
- отандық инвесторларды тендерге жіберудің шарттарын белгілейді;
- тендерді өткізудің тәртібін белгілейді;
- тендерге қатысуға жіберілген отандық инвесторлардың арасында тендер өткізеді;
- тендердің жеңімпазын белгілейді.

5. Комиссияның:

- тендерге қатысуға жіберілген отандық инвесторлардан қосымша ақпарат алуға;
- Комиссияның жұмысына сарапшыларды, мамандандырылған консалтинг және өзге де ұйымдарды тартуға;
- өз құзыретінің шегінде комиссия шешімдерінің орындалуына бақылау мен тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен тағайындалатын төраға басқарады. Төраға Комиссияның қызметін басқарады, оның жұмысын ұйымдастырады.

7. Комиссияның отырыстары Комиссия төрағасының бастамашылығымен немесе Комиссия мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша шақырылады. Комиссия

мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда Комиссия отырысы заңды болып табылады.

8. Комиссияның әрбір мүшесінің бір дауысы болады.

9. Комиссия шешімдері Комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады. Комиссия мүшесі Комиссия қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол өзінің ерекше пікірін айтуға тиіс. Комиссияның шешімдері қаулымен ресімделеді. Қаулыға Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 1 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 2 5 Қ а у л ы с ы н а

қосымша

Тендер өткізу жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

Ертілесова Ж.Ж.	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, комиссия төрағасы
Дәмитов Қ.Қ.	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі
Ержанов Ө.С.	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары
Кулинов У.Д.	- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі - атқарушы д и р е к т о р
Николлс М.	- Еуропалық Қайта жаңарту және Даму Банкінің Қазақстандағы өкілі (келісім бойынша, мемлекеттік құпияны құрайтын құжаттармен танысу құқығынсыз)
Раханов М.С.	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің д и р е к т о р ы
Шүкеев Ө.Е.	- "Тұран Әлем Банкі" ЖАҚ Басқармасының
төрағасы	

